

ӘОЖ 81 (091); 81(092); МҒТАР 16.01.07
<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.193>С. УТЕБЕКОВ¹, Ш.П. ҚАРСЫБЕКОВА², Г.О. СЕЙДАЛИЕВА³¹PhD, Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.). e-mail: senuteb@gmail.com²филология ғылымдарының кандидаты,
Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: sholpan.karsybekova@ayu.edu.kz³PhD, Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: g.seidalieva@abaiuniversity.edu.kz

АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ «КӨҢІЛ» ЖӘНЕ «ДИЛ» СӨЗІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ЖАСАЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЛЕКСИКА- СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Ясауи хикметтерінде қолданылу жиілігі, мағыналық ерекшелігі, мәндік, ұғымдық алуандығы жағынан ерекше көзге түсетін *көңіл* және *дил* сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық тіркестердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты талдау жасалады. Алдымен *көңіл* сөзінің этимологиясы, қалыптасу, даму процестеріне байланысты кейбір пікірлерге және әртүрлі дереккөздеріндегі анықтамаларға қысқаша тоқталады, мәні, тура және ауыспалы мағыналары, сонымен бірге Ясауи хикметтеріндегі фразалық тіркестерді жасаудағы қызметтері, мағыналық бояулары жайында баяндалады. Одан соң *көңіл* және *дил* сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық тіркестердің құрамындағы сөздердің байланысу тәсілдеріне қарай және грамматикалық мағынасына (сөз табына қатыстылығы) қарай топтарға ажыратылады. Одан соң мақаланың мақсатына сәйкес адамның мінез-құлқы, қадір-қасиеті, эмоциясы, сезімі секілді әр түрлі психикалық жай-күйін білдіруде үлкен қызмет атқаратын фразеологиялық тіркестерді хикметтегі жолдардың құрамында көрсетіп, олардың білдіретін мағыналары жөнінде мәлімет беріледі. Бұларды жинақтай келе, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жалпылама «адамның жақсы-жаман мінез-құлқына, сана-сезіміне байланысты перифраздар» және «адамның түрлі психикалық жай-күйін білдіретін перифраздар» деген екі топқа ажыратып, олардың қайғы-дерт, тебіреніс, нала, жиіркеніш, өкпе-реніш, сүйсіну, қайран қалу, аңтарылу, қорқу, сескену, қуану, шаттану, жұбану, төзу, мақтану, шабыттану, қобалжу, қынжылу, ұялу, ұнату, қолдау, жетелеу секілді әртүрлі мағыналық, мәндік, баламалық қасиеттеріне қарай ішінара бірнеше топқа ажыратып, көрсетілді.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Утебеков С., Қарсыбекова Ш.П., Сейдалиева Г.О. Ахмет Ясауи хикметтеріндегі «көңіл» және «дил» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологиялық тіркестердің лексика-семантикалық ерекшеліктері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 54–68. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.193>

*Cite us correctly:

Utebekov S., Qarsybekova Sh.P., Seidalieva G.O. Ahmet Iasawi hikmetterindegi «konil» zhane «dil» sozinin qatysuymen zhasalghan frazeologialyq tirkesterdin leksika-semantikalyyq erekshelikleri [Lexical and Semantic Features of Phraseological Phrases with the Participation of the word “Köñil” and “Dil” in the Wisdom of Akhmet Yasawi] // *Iasawi universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 54–68. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.193>

Мақаланың редакцияға түскен күні 04.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

Кілт сөздер: Ясауи хикметтері, абстрактылы атаулар, фразеологиялық тіркестер, лексикалық мағына, семантикалық өріс.

S. Utebekov¹, Sh.P. Karsybekova², G.Seidaliyeva³

¹PhD, Senior Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: senuteb@gmail.com

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: sholpan.karsybekova@ayu.edu.kz

³PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: g.seidaliyeva@abaiuniversity.edu.kz

Lexical and Semantic Features of Phraseological Phrases with the Participation of the word “Köñil” and “Dil” in the Wisdom of Akhmet Yasawi

Abstract. The article analyzes the lexical and semantic features of phraseological phrases with the participation of the words attention and Dil, which are especially distinguished in terms of frequency of use, semantic specificity, significant, conceptual diversity in Yassawi wisdom. To begin with, we briefly focused on some opinions related to the etymology of the word mood, the processes of formation, development and the main definitions in various sources, talked about the essence, literal and figurative meanings, as well as the functions of creating phrasal phrases in Yassawi wisdom, their semantic colors. Then phraseological phrases with the participation of the words mood and Dil are divided into groups according to the way the words are connected and according to their grammatical meaning (belonging to the word class). Then, in accordance with the purpose of the article, phraseological phrases that have a great function in expressing various mental states of a person, such as behavior, dignity, emotions, feelings, are indicated as part of lines in wisdom, and information about their meaning is given. Summarizing these, according to lexical and semantic features, generalizing them into two groups: “periphrases related to good-bad behavior, consciousness of a person” and “periphrases expressing different mental states of a person”, they are divided into sadness, excitement, Nala, disgust, resentment, admiration, admiration, longing, fear, anxiety, joy, delight, comfort, tolerance, pride, inspiration, anxiety, sadness, shame according to various semantic, semantic, and alternative properties, such as love, support, and leadership, it was partially divided into several groups.

Keywords: Yassawi wisdom, abstract names, phraseological phrases, lexical meaning, semantic field.

С. Утебеков¹, Ш.П. Карсыбекова², Г.О. Сейдалиева³

¹PhD, старший преподаватель
Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: senuteb@gmail.com

²кандидат филологических наук, доцент
Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: sholpan.karsybekova@ayu.edu.kz

³PhD, Казахский Национальный педагогический университет им. Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: g.seidaliyeva@abaiuniversity.edu.kz

Лексико-семантические особенности фразеологических выражений с участием слова «көңіл» и «дил» в хикметах Ахмета Ясави

Аннотация. В статье сделан анализ лексико-семантических особенностей фразеологических выражений с участием эмоциональных и ментальных слов, отличающихся по частоте употребления, семантической специфике, смысловому, понятийному разнообразию. Прежде всего, кратко остановился на некоторых мнениях и основных определениях в различных источниках, связанных с этимологией, процессами становления, развития слова ақсау, о значении, прямом и переносном значениях, а также о функциях, смысловой окраске словосочетаний в хикметах Ясави. Затем слова в составе фразеологических выражений, составленных с участием эмоциональных и ментальных слов, подразделяются на группы в зависимости от способа общения и грамматического значения (относительности к классу слов). Далее, в соответствии с целью статьи, в строках хикмета выделяются фразеологические выражения, которые выполняют большую роль в выражении различных психических состояний человека, таких как поведение, достоинство, эмоции, чувства, приводятся сведения об их значениях. После обобщения, они по лексико-семантическим особенностям определены в две группы: «перифразы, связанные с хорошим-плохим поведением, сознанием человека» и «перифразы, выражающие различное психическое состояние человека», разделены на подгруппы в зависимости от различных смысловых, эквивалентных качеств таких как печаль, трепет, проклятие, отвращение, обида, восхищение, удивление, беспокойство, страх, скука, радость, восторг, утешение, терпимость, хвастовство, вдохновение, нервозность, печаль, смущение, симпатия, поддержка, драйв и т.д.

Ключевые слова: Хикметы Ясави, абстрактные имена, фразеологические фразы, лексическое значение, семантическое поле.

Кіріспе

Түркі тілдерінің лексикалық қорының маңызды қабатын абстрактылы ұғымдарға байланысты сөздер (кейде *дерексіз зат есімдер / атаулар*, рус. *отвлечённое имя существительное*, ағ. *abstrakt noun*, фр. *nom abstrait*, нем. *abstraktes nomen*, ар. *ism-i mücerret*, түр. *soyut isim*, *mücärräd isim*, түркм. *abstrakt aatlar*, гагау. *абстракт адлык*, өз. *mavhum ót*, ұйғ. *абстракт исим*, тат. *абстракт исем*, башқ. *абстракт исем*, құм. *абстрактный ат*, қар.-малк. *абстракт маганалы ат*, ноғ. *абстрактлы ат*, қырғ. *абстракттуу атооч*, алт. *абстракт адалгыш*, хак. *абстрактнай адалгыс*, тув. *тодаргай евес чүве ады ~ абстрактылыг чүве ады*, шор. *көрүнмеенчаткан ат сөзі ~ *абстракт ат сөзі*) құрайды. Ал тілдегі абстрактылы сөздер қабаты әр халықтың әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан ойлау деңгейіне, дүниетанымына, наным-сеніміне, рухани әлеміне қарай дамитындығын баса айтуға болады. Осы орайда түрік ғалымы Али Акардың «Тілде ең алдымен деректі заттарға атау беріледі. Дами келе дерексіз ұғымдар пайда бола бастайды. Осы жағынан алғанда дерексіз ұғымдар тілдердің даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі деуге болады» [1, 90-б.] деген пікірі оралады. Абстрактылы атауларға байланысты татар ғалымы А.Р. Нургатина да былай дейді: «Обозначенный нами пласт абстрактной лексики формировался длительное время, о чем свидетельствуют самые первые письменные памятники татарского языка, а также других тюрских языков, он возник в глубокой древности. Обогащение татарского языка абстрактными именами существительными происходило на протяжении всей истории татарского языка. Особенно активным этот процесс становится в периоды роста национального самосознания и культуры. Именно это социально-культурное явление мы наблюдаем сегодня, однако до настоящего времени абстрактная лексика не была предметом специального исследования» [2, 2-б.]. Ғалым айтқандай абстрактылы ұғымдар ұлттық сана мен мәдениеттің дамуына байланысты байып отырады. Сондықтан бұндай ұғымдар – логика, философия, теология, психология, мәдениеттану, әлеуметтану, лингвистика, әдебиеттану секілді көптеген ғылымдардың аспектісі.

Түркі тілдерінің ең көне ескерткіштерінің тілдік қорында да абстрактылы атаулардың саны жетерлік. Олар түркі тілдерінің лексикалық қорының байлығын ғана емес жоғары мәдениетінің көрсеткіші ретінде бағалануы және олардың әртүрлі қырынан арнайы зерттелуі түркология ғылымының талабы деп ұғыну керек [3, 71-б.]. Абстрактылы атаулар М. Казам-Бек, А. Байтұрсынов, Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, М.З. Закиев, Ф.А. Ганиев, Д.Г. Тумашев, Г. Ибрагимов, М. Курбанғалиева, Т. Бангуоғлу, Д. Аксан, К. Аханов, Ғ. Мұсаев, А. Ысқақов, З. Коркмаз секілді көптеген зерттеушілердің еңбектерінде грамматикалық бағытта қарастырылып, жалпылама мәлімет беріліп келеді. Бұл еңбектерде көбіне абстрактылы атаулар тақырыбы көбіне-көп зат есімдердің қатарында ғана сөз болады. Мұның өзі абстрактылы мағынадағы сөздердің лексика-семантикалық жағынан арнайы қарастырыла бермейтіндігін көрсетсе керек. Ал негізінен зат есімдердің конкреттілік, абстрактылық, жалпылық, жалқылық, даралық, жинақтылық, жекелік, топтық секілді ерекшеліктеріне қарай ажыратудың өзі сөздердің грамматикалық мағыналарынан гөрі лексика-семантикалық мағынасына сәйкес анықталатыны, яғни морфологиялық, синтаксистік әдістерге қарағанда лексикалық әдіске көбірек иек артылатыны белгілі. Сондықтан заттар мен ұғым атауларының бұл қасиеттерін лексика-семантикалық тұрғыдан да арнайы талдануы қажет-ақ. Осы орайда бүгінгі мақалада да түркі тілдеріндегі абстрактылы атаулардың бірі *көңіл* ұғымының мәні, тура және ауыспалы мағыналары, сонымен бірге Ясауи хикметтеріндегі фразалық тіркестерді жасаудағы қызметтері, мағыналық бояулары жайында арнайы баяндалады. Түркі тілдеріндегі көптеген абстрактылы атаулардың ішінен бір ғана *көңіл* ұғымын таңдап алудағы мақсатымыз жайында да орынды сұрақтар болуы мүмкін. Бұған байланысты жауабымыз мақаланың негізгі бөлімдерінде де біршама айтылады. Сондықтан алдымен кіріспеде *көңіл* сөзінің этимологиясы, қалыптасу, даму процестеріне байланысты кейбір пікірлерге және әртүрлі дереккөздеріндегі анықтамаларға қысқаша тоқталып өтейік. Э.В. Севортян, А.М. Щербак, А.М. Рясянен бұл сөздің түбірі **көң* сөзі деп санаса, Кононов *кө-* (мағынасын көрсетпейді) етістігімен байланыстырады. Катрузунский, Нишанян сияқты этимологтар *көгүс*, *көкірек* сөздерімен қатысы барын айтады [4, 161-162-бб.]. Дегенмен бұл сөз көне түркі ескерткіштерінде де *köñül*, *köñl*, *köngül* түрінде жиі қолданылады және ол «көңіл», «жүрек», «пікір», «көзқарас», «қалау», «ой-толғам», «ниет», «тілек», «идея» мағыналарын білдіреді [5, 38-б.], [6, 148-б.], [7, 115-б.]. Қашқарлық Махмұт бұл сөздің «таным», «түсінік», «сезіну», «түйсіну» мағыналарының да бар екенін көрсетеді [8, 361-б.], [9, 738-б.]. Қазіргі түркі тілдерінде өз. *könül*, қырғ., ұйғ. *köñül*, өзб. *köngil*, башқ., тат. *küñil*, чув. *kāmāl*, түрк. *gönül*, түркм. *göwün*, қарай. *göñül*, қарақ. *кеуіл*, қараш. балқ. *кәл*, қыр.тат. *күңел* [10, 382-383-бб.], [11, 343] секілді фонетикалық варианттары қолданылады.

Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінде *көңіл* сөзінің «1. Адамның мінез-құлқына байланысты жалпы эмоциялық сезім (сана, ой, зерде, назар, т.б.). 2. Ынта, ықылас, ниет. 3. ауыс. Қиял, арман. 4. ауыс. Пейіл, ниет, ілтипат» мағыналарында қолданылатынын жазады [12, 302-б.]. Түрік тілінің сөздігіндегі мағыналары да осыған ұқсас: «1. Адамның ішкі әлемінде болатын махаббат, ниет, қалау, ой, еске алу, естелік сынды сезімдердің негізі; 2. ауыс. Ниет, тілек» [13, 776-б.].

Сол секілді діни сөздіктерде де «1. Жүрек. 2. Қалау, тілек. 3. Ниет. 4. Сезім» мағыналары беріледі [14, 107-б.].

А.С. Закирова қазақ аңыз-әңгімелеріндегі *көңіл* сөзінің қолданысына байланысты мынадай анықтама береді: «Көңіл – айналадағы ортаға, жаһанға, ғаламға, ақиқатқа, дүниеге назар салумен байланысты, олармен өзара үйлесім табуы нәтижесінде орын алатын қилы құбылысты сіңіріп-қорытатын адам жанының сырлы әлемі» [15, 86-б.].

Зерттеу әдістері және материалдар

Мақалада *көңіл* аспектісінің түркі тілдеріндегі және Ясауи хикметтеріндегі мағыналық ерекшеліктері, қолданылу жиілігі, фразеологиялық тіркестер мен перифраздардың құрамындағы қызметі, перифраздардың грамматикалық, лексика-семантикалық мағыналарына байланысты мәселелер көтерілмек.

Жалпы, хикметтердің лингвистикалық ерекшеліктеріне байланысты біршама ғалымдардың еңбектерінде сөз болғанымен, хикметтердегі фразалық тіркестер жекелей алынып, ғылыми тұрғыдан қарастырған жұмыс жоқ деуге әбден болады. Хикметтердегі фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер тақырыбы Р. Сыздықова, З. Каймаз, Б. Қорғанбеков секілді бірлі-жарым ғалымдардың еңбектерінде мағыналық ерекшеліктері жағынан қолға алынды. Шын мәнінде Ясауи хикметтерінің көркемдігін арттырып, әсерлілік бояуын түрлендіріп тұрған бірден бір тілдік элемент фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер екені даусыз. Ал хикметтерде қолданған фразеологиялық тіркестердің арасында ақынның өз қолтаңбасына тән тіркестермен қатар түркі халықтарына, қала берді түпкі танымы жағынан мұсылман халықтарына ортақтарының жиі ұшырасуы назар аудартады. Сондықтан да Ясауи хикметтерінің лексикасының ауқымды бөлігін құрайтын фразеологиялық тіркестерді арнайы зерттеу ғылым үшін өте маңызды екені сөзсіз. Алайда, бір ғана мақала көлемінде хикметтердегі бүкіл фразеологиялық тіркестерді қарастырудың мүмкін еместігін ескерткіміз келеді. Осыған орай, бұл мақалада Ясауи хикметтерінде қолданылу жиілігі, мағыналық ерекшелігі, мәндік, ұғымдық алуандығы жағынан ерекше көзге түсетін *көңіл* және *дил* сөзінің қатысуымен жасалған фразеологиялық тіркестерді ғана қарастыру мақсат етілді.

Мақалада қолданылған материалдардың жинақталуы барысында «Диуани хикметтің» қазірге дейін оқылып, толық нұсқасы транслитерациясы және факсимилесі ғылыми айналымға енгізілген Көкшетау (ДХ/К), Санкт-Петербург (ДХ/П), Мысыр (ДХ/М), Стамбұл (ДХ/С), Эмил Эсин (ДХ/Э) нұсқалары және Кемал Эраслан ұсынған таңдамалы хикметтер жинағы пайдаланылды.

Мақалада сипаттамалы, баяндау әдістерімен қоса, ғылыми негізін жасау, перифраздардың мағыналық ерекшеліктерін, баламалық, синонимдік деңгейлерін ажыратып көрсету және қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыстары мен мағыналық бояуларын анықтау үшін концептуалды әдіс, синхрониялық (салыстырмалы) әдіс, семантикалық интеграл (жалпылаушы) және семантикалық дифференциал (нақтылаушы) әдістері негізге алынады.

Талдау мен нәтижелер

Түркі халықтарының қай кезеңінде жазылған туындысын алмасақ та, *көңіл* ұғымының алатын орны ерекше. Бұл дәстүр қазақ ауыз әдебиетінде де, қазірге дейінгі жазба әдебиетінде де үзілген жоқ. Түрік ғалымы Жемал Курназ бұл туралы «Парсы тіліндегі *дил*, *дерун*; араб тіліндегі қалб, хатыр, түркі тілдерінде йүрек «жүрек», жан, рух сөздерімен де баламалас қолданылатын *гөнүл* «көңіл» сөзі түркі әдебиетінің диуан, халықтық және діни-сопылық сарындағы үлгілерінде ең көп орын алатын тақырыптардың бірі болып табылады» деп жазады [16, 150-б.]. Өйткені ғалым А.С. Закирова айқындағандай *көңіл* ұғымының тілде психологиялық, танымдық және бейсаналық рөлі ерекше. Көңілдің «әсершілдік, танымдық мүмкіндігі шексіз» және ол «адамның бейсаналық халін танытады» [15, 85–86-бб.]. *Көңіл* ұғымы Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Жүніс Әміре секілді сопылық әдебиет өкілдерінің шығармашылығында да үлкен мәнге ие. Баласағұн *көңіл* ұғымына мынадай жолдар арқылы сипаттамалар береді:

Көңіл – түпсіз терең теңіз бүгінде,

Білім – інжу жататұғын түбінде [17, 332-б.].

Кеудем оқ, көңілім садақ секілді еді.

Енді көңілімді оқ, кеудемді садақ еткім келді» [18, 51-б.],

Ясауи жырларында да жиі кездесетін *көңіл*, *дил* (ДХ/К-де 62 рет, ДХ/М-де 65 рет, ДХ/П-де 70 рет, ДХ/С-де 68 рет, ДХ/Э-де 42 рет жұмсалған) ұғымдары ерекше мәнге ие. Мысалы:

Қайдасың деп, қайдасың деп ғашық айтар,

Ғашықларға хаж не болғай машұқ айтар.

Ағзы айтмас, тили айтмас, дил айтар,

Үш йүз алтмыш тамурлары лерзан қылур [19, 211-б.].

Бұл хикметтердегі «аузы бен тіл айтпайды, көңіл айтады» деген жолдары Абайдың «Көңілдегі көрікті ой, ауыздан шыққанда өңі қашады» деген ойларымен сабақтасып жатқандай.

Зерттеушілердің берген мәліметіне қарағанда Абай шығармаларында да ең жиі кездесетін сөз «көңіл» сөзі болса керек. Яғни 238 рет (поэмаларында 5 рет, аудармаларында 36 рет, өлеңдерінде 141 рет, қара сөздерінде 54 рет) қолданылған. [21, 112–113-бб.].

Сонымен бірге түркі тілдерінің ең көне ескерткіштерінің өзінде *көңіл* сөзі қайғы-дерт, тебіреніс, нала, жиіркеніш, өкпе-реніш, қайран қалу, аңтарылу, қорқыныш, сескену, қуаныш, шаттану, мақтану, шабыттану, қобалжу, ұялу, ұнату секілді адамның психикалық жай-күйіне, эмоциясына, сезіміне байланысты фразеологиялық тіркестердің құрамында келіп, баяндаудың эмоционалды экспрессивті бояуын арттыруда орасан зор қызмет етіп жатады. Мысалы, Күлтегін ескерткішіндегі *köñülte sigit kelser* «көңілге қайғы келсе» [22, 344-б.], [5, 38-б.], *köñülteki sabımın urturttum* «көңілдегі сөзімді жаздырттым» [5, 38-б.] деген секілді тіркестер осы сөзіміздің дәлелі. Сол секілді *көңіл* сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизм, перифраз, идиома секілді поэтикалық тіркестер Жүсіп Баласағұн, Ахмед Ясауи, Ахмед Жүгінеки, Әлішер Науаи, Атаи, Лұтфи сынды түркі ақын-шайырларының барлығының шығармаларында көптеп кездесіп отырады. Орта ғасырлық түркі ескерткіштерін зерттеуші М. Сабырдың берген мәліметіне қарағанда қыпшақ ескерткіштерінде де *көңіл* сөзінің ұйытқы болуымен *көңүл соңқұры*, *көңүл көзгүсі*, *көңүл құшы*, *көңүлі тар*, *көңүлі йарым*, *құлан көңүл* секілді фразеологиялық тіркестер жасалған [23, 118-б.]. Анадолы түркілері арасынан шыққан ұлы шайырлардың бірі Жүніс Әміреде *gönül yıktak* [24, 1-10-б.], *gönümüzi päs eylemek* [24, 16-б.], *gönüllere girmek* [24, 18-б.], т.б. фразеологиялық тіркестер кездеседі. Жүніс Әміренің қолданған бұл тіркестері арғы-бергі түрік қаламгерлерінің тілінде де, қазіргі түрік әдеби тілінде де жиі жұмсалады.

Абай шығармаларында да *көңіл* сөзі тірек сөз ретінде қолданған фразеологиялық тіркестер жетерлік. Мысалы: *көңіл аулау*, *көңіл ашу* (*көңіл көтеру*), *көңіл беру* (*көңіл қою*), *көңіл бөлу*, *көңіл жету*, *көңіл жіберу* (*көңіл қою*), *көңіл көтерілу*, *көңіл қайту*, *көңіл қою*, *көңіл өсу*, *көңіл толу*, *көңіл тою*, *көңілге алу* (*ойлау*, *ойға алу*), *көңілге бекіту*, *көңілге жағу*, *көңілге келу*, *көңілге салу* (*көңілінен өткізу*), *көңілге түсу* (*көңілге қону*, *көңілге беку*), *көңілге тік келу*, *көңілде суреттеу*, *көңілден кету*, *көңілді қайыру* (*көңілді қайтару*), *көңілі жүру* (*көңілі сағынып жүру*), *көңілі тасу*, *көңілі тыну*, *көңілін басу*, т.б.

Мақалада көріп отырғанымыздай, Көкшетау [25], Мысыр [26], Петербург [27], Стамбұл [28], Эмел Эсин [29], Кемал Эраслан [19], т.б. нұсқаларынан алынған перифраздардың өзі жетпістен асып жығылады. Яғни, алуан түрлі мағына білдіретін бұл перифраздардың құрамында *көңіл* және *дил* сөзі көбіне адамның сан қилы психикалық көңіл-күйін, мінез-құлқын, ойлау, түсіну, сезіну өлшемдерін жеткізуде кілт / тірек сөз қызметін атқарады. Бұл перифраздарды ең алдымен құрылымдық, яғни құрамындағы сөздердің бір-бірімен байланысу формаларына қарай мынадай 4 типі бар.

1) қиыса байланысқан тіркестер: *көңлі бүтүн* (ДХ/С, 77а-9), *көңүл қаттық* (ДХ/К, 576-10), *көңлі сынуқ* (ДХ/К, 25а-5), *көңлі бұзұғ* (ДХ/П, 103а-5), *көңлі саф* (756-7), *көңлі тірік* (ДХ/П, 40-11) т.б.

2) меңгеріле байланысқан тіркестер: *көңүлге сал-* (ДХ/С, 26-5), *көңүлдерні раушан қыл-* (ДХ/М, 796), *көңліні шад ет-* (ДХ/М, 47а-2), *көңлін аула-* (ДХ/М, 2а/4), *чын көңүлде йығлап йүр-* (ДХ/М, 86а-11), *чын көңүлде күй-* (ДХ/Э, 23а-4), *көңлін ал-* (ДХ/К, 186-1), *чын дил бірлен күй-* (ДХ/М, 226-11), т.б.

3) матаса байланысқан тіркестер: *көңүл бағы* (ДХ/С, 17-9), *көңүл құшы* (ДХ/К, 41а-6), *көңүл көзі* (ДХ/К, 856-2), *көңүлні бустаны* (ДХ/П, 966-11), *көңіл елги* (ДХ/С, 39-2), т.б.

4) қабыса байланысқан тіркестер: *чын көңүл* (ДХ/М, 86а-11; ДХ/Э, 23а-4), *чын дил* (ДХ/М, 226-11), *хаста көңүл* (ДХ/К, 85а-6), т.б.

Сонымен бірге Ясауи хикметтеріндегі көңіл сөзімен жасалған фразеологизмдерді грамматикалық мағынасы (сөз табына қатыстылығы) жағынан шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1) заттық мағыналы фразеологизмдер: *көңүл бағы* (ДХ/С, 17-9), *көңүл құшы* (ДХ/К, 41а-6), *көңүл көзі* (ДХ/К, 856-2), *көңүл мүлки* (ДХ/К, 29а-4), т.б.

2) сындық мағыналы фразеологизмдер: *көңлі бүтүн* (ДХ/С, 77а-9), *көңүл қаттық* (ДХ/К, 576-10), *көңлі сынуқ* (ДХ/К, 25а-5), т.б.

3) етістік мағыналы фразеологизмдер: *көңіл бағла-* (ДХ/П, 536-6), *көңлі қал-* (ДХ/С, 31-12), *көңлүм қозға-* (ДХ/П, 94а-1), *көңүл йүгүртме-* (ДХ/К, 6а-8), т.б.

Әрине, бұл жерде өзек болып отырған перифраздардың таза грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) қызметін негізге алып отырсақ та, олардың сөйлемдегі қызметі күрделі, әрі әр қилы болғандықтан олардың арасында жеке алғанда етістік мағыналы перифраздар қатарына қосқан тіркестеріміз сөйлем құрамында кейде есімше, көсемше формаларын қабылдай отырып, анықтауыштық (сындық), пысықтауыштық (үстеу), онымен қоса тәуелдік, септік формаларын қабылдап заттық мағынаға ие болады. Сол секілді *көңүл көзі ачылғай му? көңүл елкін ачар* секілді тіркестер етістіксіз де айтыла отырып, фразалық тіркестер құрайтынын ескерсек, біздің жіктеуіміз жай ғана шартты бөлу екенін ұғуға болады. Осы жағынан алғанда І. Кеңесбаевтың «фразеологизмдер мызғымастай болып қалыптасқан сөз таптары бар деп, үзілді-кесілді тұжырым жасауға болмайды» деген пікірінің орынды екенін түсінеміз [30, 85-б.]. Сондай-ақ кейбір перифраздардың лексика-грамматикалық мағынасы мен тудыратын мағыналары үнемі сәйкес келе бермейтіні белгілі.

Ал енді лексика-семантикалық жағынан *көңіл* сөзінің қатысуымен жасалған перифраздар адамның мінез-құлқы, қадір-қасиеті, эмоциясы, сезімі секілді әр түрлі психикалық жай-күйін білдіруде қызметтер атқарады. Сондықтан да олардың мағыналары да алуан болып келеді. Оларды жалпылама төмендегіше топтауға болады.

ғарқ-әб болған көңүл мұңға толы көңіл

Зулмет баһри ішінде ғарқ-әб болған көңүлні,

Сайқал беріп хем бірлен зенгәрны ачарлар (ДХ/К, 48а-2).

көңлі бүтүн уайымсыз, мұңсыз, көңілі тоқ

Жанны жанға пәйуанд йетіп рәнгі аулап,

Көңлі бүтүн халайиқдын қаттым мән-а (ДХ/П, 77а-9).

көңүл қаттық мейірімсіз, қатал, тасжүрек

Көңүл қаттық беһайимдин діні сүстлер,

‘Ашықлары өлмей тұрұп фенā болсұн (ДХ/К, 576-10).

көңли сынұқ ренжулі, өкпелі; мұңды, қайғылы

Көңлүм сынұқ көзүм йашлық қадим мелāl,

‘Ышқ һанжері йүрек бағрым тешті достлар (ДХ/К, 9а-10).

көңлі бұзұғ қайғылы, мұңды, уайымшыл

- Хақ уаслыны тапмай ізлеп хайрана мен,
Тынмай йығлап көңлі бұзұғ ойрана мен (ДХ/П, 103а-5).
көңлі тірік саналы, сезімтал
Нәфсі өлүк, көңлі тірік мисл мелек,
Мұндағ болмай пірдін баһра алса болмас (ДХ/П, 40-11).
көңлі саф көңілі таза, ақпейіл, ниеті түзу
Білің төртүншісі ‘абд-менәфдүр,
Аларны білсе хер кім көңлі сәфдүр (ДХ/К, 756-7).
көңлі қара мұнды, қайғылы
Сач сақалым көп ақарды көңлүм қара,
Руз-ы маһшар раһм етмесен һәлім тебәх (ДХ/К, 10а-2).
көңүл бағы адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі
‘Өмрүм күллі хазан болды емді түйдим,
Көңіл бағы сабаз сенде білмей йүрдім (ДХ/С, 17-9).
көңүл құшы (ұч-) армандау, қиялдау, қиялға берілу
Көңүл құшы һазрет үчүп йүрүр,
Бұ дүниәны мизәбыдын кечер болғай (ДХ/К, 41а-6).
көңлүм құш дек ұч- қиялдау, арманға берілу
Өзім фақыр болдым хақыр келдім муқыр,
Қанат қақып ұчар құш дек көңлүм менің (ДХ/М, 104а).
көңүл сор- көңілін табуға тырысу, қамқор болу
Ічтім шараб болдүм һараб аслым тұрап,
Келдім күреп көңүл сорап ‘ышққа қарап (ДХ/М, 104б-5).
көңліде сүй- қатты жақсы көру, сүю
Хадиже көңліде аны сүйедүр,
Мұхаммед ‘ышқыда ічі күйедүр (ДХ/К, 76а-9).
көңліге йар бол- қатты жақсы көру, сүю
Ресулны көңліге йар болды Алләх
Аның дек хич кіші болмаптұ ба Алләх (ДХ/К, 76б-10).
көңлүм таш- қайғы-мұңнан арылу; жаны жай табу, іштей риза болу
Көңлүм ташты ‘ақлым шашты ‘аршқа ашты,
‘Өмрүм кечті нефсім қатты беһрім ташты (ДХ/М, 104а).
көңлү ойран іші қайғы-дертке толы
Өзі һайрән көңлі ойран көзі йашлық,
Құдретіға һайран болұп қалдым мен-а (ДХ/Э, 22б-10).
көңүл көзи (ачыл-) қуану, шаттану; жүрегіне иман құйылу, ішкі дүниесі жақсы жағынан өзгеру
Құл һуәже Аһмед көңүл ачылғай мұ,
Тіллерімдін дүрр ү геухер сачылғай мұ (ДХ/К, 85б-2).
көңүл мүлкіні (ач-) қуану, шаттық бөлену
Һошланмайдүр ‘әлімлер бізні айған түркіні
‘Ариф ‘ашық ешітсе ачар көңүл мүлкіні (ДХ/К, 29а-4).
көңүл ічге адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі
‘Арш істесең мұ’мін құлны көңүлні ічре,
Һаққ тілесең мұ’мін құлны көңүлні ічре.
Көрер болсаң мұ’мін құлны көңүлні ічре,
Ей, йәрәнлар йаһшы қалың та көргенче (ДХ/К, 30б-2)
көңлүм ташым адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі мен тәні, жаны мен тәні
Еліг алты йашқа йеттім мұңлұғ башым,

- Еренлердін бехре алмай көңлүм ташым (ДХ/К, 14а-4)
көңүл бостаны адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі
Бұ көңүліні бустаныдүр ‘ажаб бустан,
Йыл ішінде сайрашұрлар һөзар дастан (ДХ/П, 966-11).
көңүл елгін ач- қамқорлығына алу
Келің, достлар, Алла йадын даим айтың,
Алла йады көңіл елгін ачар, достлар (ДХ/С, 39-2).
көңүлге сал- жүрекке ұялату, бойға сіңіру
Көңлімге салып ‘ишқ уа махаббатны илаһим,
Қылғыл мені сен ‘ашық йақтай, Мұхаммед (ДХ/С, 26-5).
көңүлдерні раушан қыл- көңілге жарық беру, ерекше сезімге, рахатқа бөлеу
Аллаһ йады көңілдерні қылұр раушан,
‘Ашықларға Хұдә өзі уа‘да қылған (ДХ/М, 796).
көңүл көзін йарутма- көңіл көзін ашу, иманға келу
Көңүл көзін йарутмайын тә‘ат қылса,
Дерғаһыға мақбул емес білдім мен-е (ДХ/Э, 266-11).
көңүл мүлкін йарутма- көңіл көзін ашу, иманға келу
Көңүл мүлкін йарутмайын тә‘ат қылған,
Дерғахыға қабул ермес білдім мен-е (ДХ/М, 456-7)
көңліні шад ет- қуанту, сүйсіндіру
Қанлар төкүп көзлерімдін йад етмедім,
сендин қорқуп хаста көңлүм шад етмедім (ДХ/М, 47а-2).
көңлін аула- көңілін табуға тырысу, қамқорлық жасау
‘Ақыл ерсең ғарыптарны көңлін аула,
Мұстафа дек елні кезіп йетім қаула (ДХ/М, 2а/4).
көңүл бағла- біреуді қатты жақсы көру, ұнату, ғашық болу
Алла дейүп көңіл бағлаб турға ашқан,
Тәжәллінің нуры бірлә ‘ақлы шашқан (ДХ/П, 536-6).
көңүл қой- жақсы көру, шын сүю
Бірімде талиб болұб йолге кірдім,
Ихлас бірлә йалғұз Хақге көңүл қойдұм (ДХ/П, 946-6).
көңүл бер- илану, сену; назар аудару, ден қою
Алтмыш үшде нидә келді құл йерге кір,
Хем жәныңмын жәнәныңы көңүліні бер (ДХ/К, 15а-10).
көңүл кес- тыйылу, арылу, бас тарту
Аһмед ‘ышққа қадем қой нефси һевәдын көңүл кес,
Һақиқат чын ‘ашыққа раһмет нисәр естерлер (ДХ/К, 48а-8).
көңүл йару- қайғы-мұңнан арылу, көңіл-күйі орнына келу
Теубе қылған ‘ашықларға раһим ерүр,
Түні күні тұрса сәйым көңүл йарұр (ДХ/К, 50а-10).
көңүл ач- қайғы-дертін ұмыту, көңілдену
Һуәже Аһмедні асрар тұрғай өзі бидары,
Ачар көңүл зенәры йатмас сеһерде тұрғай (ДХ/К, 686-7).
көңлі қорқ- іштей шошу, үрейлену, сескену
Қыйәметні шиддетідін ‘ақлым һайрән,
Көңлүм қорқған жәным бірйән һәне ойран (ДХ/К, 10а-11).
көңлін ал- райына қарайлау; көңілінен шығу
Һайр ұ сеһа қылғанлар йетім көңлін алғанлар,
Чеһәр-йәрлар хем-рәхы кеусер лебінде көрдүм (ДХ/К, 186-1).

- көңүл үз-* бас тарту, күдер ұзу, тыйылу
Аслә өзнi бiлмеген көзде йашы ақұзмаген,
Дүнйәдын көңүл үзмеген мен дек гүнәх-кәр бар мұ хич (ДХ/К, 346-1).
- көңүл ейле-* разы қылу, көңілін аулау
Та'ат йарағын қылмадым һакны көңүл ейлемедім,
Көп йығлабан зікір етмедім мен дек гүнәх-кәр бар мұ хич (ДХ/К, 35а-1).
- көңүл қат-* қолдау көрсету
Би-һабар айтсам ешіткүчі дәнә қаны,
Би-һабарлар ешітсе көңлі қатар достлар (ДХ/К, 726-1).
- көңүлде сақла-* ұмытпау, көңілге тоқу, санаға сіңіру, ойға түю
Бабасыны бiлсең 'Абду'л-Мутталиб,
Көңүлде сақлағайсыз йаһшы бiлiп (ДХ/К, 756-3).
- көңүл йүгүрт-* ықыласы ауу, ұнату
Һақиқатды сөзлер айдым ешітмедің,
Ей, би-һабар һакқа көңүл йүгүртмедің (ДХ/К, 6а-8).
- көңүл савут-* тауаны қайту, шошыну; жабырқандыру
Дүнйә һарәм андын көңүл савутмадың,
Залмлернi сана жазә бердім мен-е (ДХ/К, 6а-9).
- көңүл ичре сал-* көңілге ұялату, бойға сіңдіру, көңіл көзін ашу
Нәғһәһндын тұрұрұма қамұғ бүзүрг,
Һаққ 'ышқны көңлүм ічре салды достлар (ДХ/К, 8а-7).
- көңүл өзге болма-* шыдау, төзімділік көрсету
Йәды бірле болсалар дидәр әрзу қылсалар,
Хер ченд һәрлық көрселер көңүл өзге болмасұн (ДХ/К, 44а-9).
- көңлiн ағрыт-* қатты қынжылту, ренжіту
Зәлым болұп зұлм еткен йегiм көңлiн ағрыткен [19, 316-6.]
- көңүл тындұр-* дегені болу, жаны жай табу, іштей ризашылық білдіру, ойындағысы болу
Құл Һуәже Ахмед Йасауидiн көңүл үздүр,
Һәмә қылса Хақ йадыге көңүл тындұр (ДХ/П, 100а-8).
- көңүл төңрүт-* жан-тәнімен берілу, жақсы көру, сүю, ғашық болу
Хақиқатдын сөзләгәнiм ешітмәдiң,
Дунйа үчүн Хаққа көңүл төңрүтмәдiң (ДХ/П, 596-12).
- көңлү биһош бол-* уайымға берілу, қайғыру
Сират атлық көфрүкiдiн дилiм ларзан,
'Ақлым көңлүм биһош болұб қалды дустлар (ДХ/П, 94а-3).
- көңлі қал-* ренжу, тауы шағылу
Нича айтсам ешіткүчи билган қане,
Бихабарга айтсам көңлі қалар, достлар (ДХ/С, 31-12).
- көңүл қозға-* ойды тербеу, санаға сан түрлі ой салу
Қыйамет шиддәтiдiн 'ақлым хайран,
Көңлүм қозғаған жаным һәу рәккән хана ойран (ДХ/П, 94а-1).
- қараңғұлұқ басқан көңүл*
Харәм шүбхе қараңғұлұқ басқан көңлүм
раушен болұп дүрр ү гаухар сачар мұ кин (ДХ/К, 85а-4).
- чын көңүлде йығлап йүр-* жылып-сықтау, уайымдап көз жасын төгу
Чын көңүлде ағлап йүргiл Һүда бiлсүн,
Халқ iчiнде рәсуа болғыл 'алам күлсүн (ДХ/М, 86а-11).
- чын көңүлде күй-* жаны ауыру, күйіп жану
Чын көңүлде күйгенлерге дидар 'atā,

Йалған ‘ашық йолға кірсе хеме hatā (ДХ/Э, 23а-4).

Хикметтерде парсы тіліндегі *дил* сөзінің негізінде құрылған фразеологиялық тіркестер де кездеседі. Олардың да көбісі етістік мағыналы тіркестер екенін көреміз. Мысалы: *дилін ач-* (ДХ/М, 776-6), *дилін сор-* (ДХ/С, 71-77), *жāны вү дилі күй-* (ДХ/К, 536-10), *жāн ү диліні бір тен қыл-* (ДХ/К, 586-1), *жāн ү диліні иһсāн қыл-* (ДХ/К, 586-5), *жāн ү дилде йығла-* (ДХ/П, 656-12), *чын дил бірлен күй-* (ДХ/М, 226-11), *диллері сафā бол-* (ДХ/К, 57а-10), *диллеріні сафā қыл-* (ДХ/К, 836-6), *дилі айт-* (ДХ/П, 976-14), т.б.

Ендігі бір тобы – сындық мағынаға құрылған тіркестер. Мысалы: *дилі көңлі қара* (ДХ/М, 1106-11), *дилім қаттығ* (ДХ/С, 1-33).

Заттық мағынаға ие тіркестер де кездеседі. Мысалы:

дилі айина дек сұмдық-қулығы жоқ, адал

Дилі айина дек садикға айтың,

Һәммә күр-у кәру батины кәззаф (ДХ/П, 7а-1).

кір дил ниеті мен тілегі таза емес

Кір диліде болмаса йүз дәғ-ы дерд,

Ей, бирәдер қач аны хем-дем деме (ДХ/К, 54а-8).

Солардың арасында парсы тілінің конструкциясы негізінде құрылған изафеттік тіркестер де бар. Мысалы:

хал-и дилі көңіл ауаны, көңіл райы

Хақиқатлығы чин ‘ашиққа тухфа өзүм,

Махшар күні хал-и дилін сорғұм кәззаф (ДХ/П, 486-13).

таһт-ы дил көңілдің төрі

Ілгің ачып āмин десең кечер һудā,

Таһт-ы дилде төубе қылып дидār көрүң (ДХ/К, 59а-2).

Осындағы кейбір мысалдардан байқанымыздай *дил* сөзімен *көңіл* сөзі бір мағына ие болғанына қарамастан бірге қолданылуы назар аудартады. Мысалы:

дилі көңлі қара ренжулі, өкпелі; мұңды, қайғылы

Менің хикметлерім нāдан ешітмес,

Дилі көңлі қара пендемні тұтмас (ДХ/М, 1106-11).

Ал кейбір тіркестерде *дил* сөзі *көңіл* сөзінің орнында жұмсалады. Яғни мағынасы мен тұлғасы бірдей перифраздарда *көңіл* және *дил* сөздері жарыса қолданылады. Бұл тұста мақаланың жоғарғы жағында берілген *көңіл* сөзіне байланысты перифраздармен салыстырып көруге болады. Мысалы:

дилім қаттығ ~ көңүл қаттық (ДХ/К, 576-10) мейірімсіз, қатыгез

Дилім қаттығ, тілім ачығ, өзім залым,

Құран оқып ‘амал қылмай йалған залым (ДХ/С, 1-33).

дилін ач- ~ көңүл көзи (ачыл-) (ДХ/К, 856-2), *көңүл мүлкіні (ач-)* (ДХ/К, 29а-4) қайғыдан арылу; қуану, шаттану

Лүтф ейлесең йолсызларға йол берүрсін,

Сажде ейлеп шāкир дилін ачар ерміш (ДХ/М, 776-6).

дилін сор- ~ көңүл сор- (ДХ/М, 1046-5) көңілін табуға тырысу, қамқор болу

Иман исламын алұп хал дилін сормағай,

Арслан бабам сөзлерін ешітіңіз табаррүк (ДХ/С, 71-77).

чын дил бірлен күй- жаны ауыру, күйіп жану

Чын дил бірлен күйгенлерге дидār ‘atā,

Йолған ‘ашық болұп йітірсе бар hatā (ДХ/М, 226-11).

диллері сафā бол- шаттану, қуану

Өткен ‘өмрүм қайта едāлықда,

Нидā үммет қыл диллеріңіз сафā болсұн (ДХ/К, 57а-10).

диллеріні сафā қыл- қуанту, шаттыққа бөлеу

Йолдын азған гүм-рāһларны йолға башла,

Бір назарда диллеріні сафā қылдым (ДХ/К, 836-6).

дилі айт- көңілдегіні айту, сырын ақтару

Диуана сен ерте сеһер қоп сен-ә,

Нāла зары қылып разы диліңні айт сен-а (ДХ/П, 976-14).

Хикметтер де *дил* сөз *жāн* сөзімен тіркес құрап ерекше фразеологиялық тіркестер жасалады. Мысалы:

жāны вү дилі күй- жаны ауыру, күйіп жану

Күймесе жāны вү дилің һем устыһāн,

Көз йашың аққан білсе сен нем деме (ДХ/К, 536-10).

жāн ү диліні бір тен қыл- жаны мен көңілін бір қылу

И‘тиқāфда һāлис тұрұп нефсині үзүп,

Жāн ү диліні бір тен қылып дидār көрүң (ДХ/К, 586-1).

жāн ү диліні иһсāн қыл- шын ниетпен жақсылық жасау, жомарттық қылу

Би-һабарлар білмес мұны кім қāһрны,

Жāн ү диліні иһсāн қылып дидār көрүң (ДХ/К, 586-5).

жāн ү дилде йығла- жылап-сықтау, уайымдап көз жасын төгу

Жāн ү дилде йығлағыл махшарда йалған болмасұн,

Суфи нақш олдұ ўәли һәр кез мусулман болмады (ДХ/П, 656-12).

Қорытынды

Мақалада Ясауи хикметтерінде *көңіл*, *дил* сөздерінің қатысуымен жасалған жетпістен аса фразалық тіркес мысалға алынды. Қайғы-дерт, тебіреніс, нала, жиіркеніш, өкпе-реніш, қайран қалу, аңтарылу, қорқыныш, сескену, қуаныш, шаттану, мақтану, шабыттану, қобалжу, ұялу, ұнату секілді адамның сан алуан эмоциясына, сезіміне, психикалық жай-күйіне, мінез-құлқына, әрекет-қылықтарына байланысты бұл фразеологиялық тіркестер грамматикалық және лексика-семантикалық мағыналары жағынан жіктелді. Ал бұларды жинақтай келгенде, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жалпылама екі топқа ажыратуға, одан әрі олардың мағыналық, мәндік, баламалық қасиеттеріне қарай ішінара бірнеше топқа бөліп көрсетуге болатыны дәлелденді:

1. Адамның жақсылы-жаман мінез-құлқына, сана-сезіміне байланысты перифраздар:

Көңілі таза, ақпейіл, ниеті түзу кісі үшін қолданылатын перифраздар: *көңлі саф* (ДХ/К, 756-7), *дилі айина дек* (ДХ/П, 7а-1) т.б.

Мейірімсіз, қатал, тасжүрек кісі үшін қолданылатын перифраздар: *қаттық көңүл* (ДХ/К, 576-10), *дилі көңлі қара* (ДХ/М, 1106-11), *дилім қаттығ* (ДХ/С, 1-33) т.б.

Саналы, сезімтал кісі үшін қолданылатын перифраздар: *көңлі тірік* (ДХ/П, 40-11).

Уайымсыз, мұңсыз, көңілі тоқ кісі үшін қолданылатын перифраздар: *көңлі бүтүн* (ДХ/П, 77а-9).

2. Адамның түрлі психикалық жай-күйін білдіретін перифраздар.

Адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі және тәні, жаны мен тәні: *көңлүм ташым* (ДХ/К, 14а-4),

Адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі: *көңүл ічре* (ДХ/К, 306-2), *көңүл бостаны* (ДХ/П, 966-11), *көңүл бағы* (ДХ/С, 17-9), т.б.

Армандау, қиялдау, қиялға берілу: *көңүл құшы* (ұч-) (ДХ/К, 41а-6), *көңлүм құш дек ұч-* (ДХ/М, 104а), т.б.

Жүрекке ұялату, бойға сіңіру, көңілге тоқу, санаға сіңіру, ойға түю, көңіл көзін ашу: *көңүлге сал-* (ДХ/С, 26-5), *көңүл көзін йарутма-* (ДХ/Э, 266-11), *көңүл мүлкін йарутма-* (ДХ/М, 456-7), *көңүлде сақла-* (ДХ/К, 756-3), *көңүл ичре сал-* (ДХ/К, 8а-7), т.б.

Жылап-сықтау, уайымдап көз жасын төгу, жаны ауыру, күйіп жану: *чын көңүлде йығлап йүр-* (ДХ/М, 86а-11), *чын көңүлде күй-* (ДХ/Э, 23а-4), *көңлү биһош бол-* (ДХ/П, 94а-3), *жәһны вү дилі күй-* (ДХ/К, 53б-10), *чын дил бірлен күй-* (ДХ/М, 22б-11) *жәһн ү дилде йығла-* (ДХ/П, 65б-12), т.б.

Көңілдегіні айту, сырын ақтару: *дилі айт-* (ДХ/П, 97б-14).

Көңілін табуға тырысу, қамқорлық жасау, қамқорлығына алу, райына қарайлау; көңілінен шығу; разы қылу, көңілін аулау; шын ниетпен жақсылық жасау, жомарттық қылу: *көңүл елгін ач-* (ДХ/С, 39-2), *көңлін аула-* (ДХ/М, 2а/4), *көңлін ал-* (ДХ/К, 18б-1), *көңүл ейле-* (ДХ/К, 35а-1), *көңүл сор-* (ДХ/М, 104б-5), *дилін сор-* (ДХ/М, 104б-5), *жәһн ү диліні иһсәһн қыл-* (ДХ/К, 58б-5), т.б.

Қайғы-мұңнан арылу; қуану, шаттану, көңілдену, шаттық бөлену; жаны жай табу, іштей риза болу, рахатқа бөлену: *көңлүм таш-* (ДХ/М, 104а), *көңүл көзі (ачыл-)* (ДХ/К, 85б-2), *көңүл мүлкіні (ач-)* (ДХ/К, 29а-4), *көңүлдерні раушан қыл-* (ДХ/М, 79б), *көңліні шад ет-* (ДХ/М, 47а-2), *көңүл йару-* (ДХ/К, 50а-10), *көңүл ач-* (ДХ/К, 68б-7), *көңүл тындұр-* (ДХ/П, 100а-8), *диллеріні сафә қыл* (ДХ/К, 83б-6), *диллері сафә бол-* (ДХ/К, 57а-10), т.б.

Қатты жақсы көру, ұнату, ғашық болу, шын сүю; илану, сену: *көңүл бағла-* (ДХ/П, 53б-6), *көңүл қой-* (ДХ/П, 94б-6), *көңүл бер-* (ДХ/К, 15а-10), *көңүл йүгүрт-* (ДХ/К, 6а-8), *көңүл төңрүт-* (ДХ/П, 59б-12), *көңліде сүй-* (ДХ/К, 76а-9), т.б.

Қатты қынжылту, ренжіту; ренжу, тауы шағылу: *көңлін ағрыт-* [19, 31б-б.], *көңлі қал-* (ДХ/С, 31-12), т.б.

Қолдау көрсету: *көңүл қат-* (ДХ/К, 72б-1).

Ренжулі, өкпелі; мұңды, қайғылы: *көңлі сынұқ* (ДХ/К, 9а-10), *көңлі бұзұғ* (ДХ/П, 103а-5), *ғарқ-әб болған көңүл* (ДХ/К, 48а-2), *көңлі қара* (ДХ/К, 10а-2), *көңлү ойран* (ДХ/Э, 22б-10), т.б.

Тыйылу, арылу, бас тарту, күдер үзу; тауаны қайту: *көңүл кес-* (ДХ/К, 48а-8), *көңүл үз-* (ДХ/К, 34б-1), *көңүл савут-* (ДХ/К, 6а-9), т.б.

Шыдау, төзімділік көрсету: *көңүл өзге болма-* (ДХ/К, 44а-9).

Іштей шошу, үрейлену, сескену, батылы жетпеу: *көңлі қорқ-* (ДХ/К, 10а).

Ойды тербеу, санаға сан түрлі ой салу: *көңүл қозға-* (ДХ/П, 94а-1).

Сонымен бірге қорытындыда Ясауи хикметтерінен анықталған фразеологиялық тіркестердің басым көпшілігінің қазақ тілінің лексикалық қорында да кездесетінін байқағанымызды атап өткіміз келеді. Көне мен бүгінгі тілдер арасындағы сабақтастықтың көрсеткіші болып табылатын бұл мысалдар келешекте басқа да ғылыми жұмыстарға негіз бола алады. Сонымен бірге Ясауи хикметтеріндегі басқа да фразеологиялық тіркестерді арнайы зерттеп, әртүрлі бағытта қарастыруға негіз болатынына сенім білдіреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Akar A. Türk Dilinin Tarihi. – İstanbul: Ötüken Yayınları, 2005. – 336 s.
2. Нургатина А.Р. Абстрактные имена существительные в татарском языке: автореф. ... канд. фил. наук. – Казань, 2012. – 32 с.
3. Utebekov S. Divân-ı Hikmet'in Kökşetav Nüshasında Anlam Alanları Açısından Türkçe Kökenli İsimler // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №2(124). – Б. 58–78.
4. Eren H. Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü. – Ankara: Bizim Büro Basım Evi, 1999. – 512 s.
5. Tekin T. Orhon Yazıtları. – İstanbul: Simurg Yayınları, 2010. – 136 s.
6. Айдаров Ғ. Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Рауан, 1995. – 160 б.
7. Caferoğlu A. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2011. – 320 s.
8. Atalay B. Divanü Lûgat-it Türk Dizini. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1986. – 887 s.

9. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. Kâşgarlı Manmud. Dîvânu Lugâti't-Türk. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2004. – 995 s.
10. Gülensoy T. Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözlüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – 1204 s.
11. Semiz K., Utebekov S. Dîvân-i Hikmet'te Duygu Bildiren Deyimler ve Çağdaş Türk Lehçelerine Yansımaları // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. – 2024. – №109. – S. 327-354.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. VIII том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. – 742 б.
13. Türkçe Sözlük. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2005. – 2244 s.
14. Dinî Terimler Sözlüğü (İmam-Hatip ve Anadolu İmam-Hatip Lisesi Öğrencileri İçin). – Ankara: T.C. Milli Eğitim Bakanlığı, 2012. – 424 s.
15. Закирова А.С. Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері: фил. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2024. – 192 б.
16. Kurnaz C. Gönül // İslâm Ansiklopedisi. C. 14. – İstanbul: TDV. – S. 150–152.
17. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар, 2001. – 472 б.
18. Reşit Rahmeti Arat. Kutadgu Bilig. C. I. Metin. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1999. – 655 s.
19. Eraslan K. Divan-ı Hikmet'ten Seçmeler. – Ankara: Kültür Bakanlığı, 1991. – 524 s.
20. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. V том. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. – 742 б.
21. Маралбек Е. Абай поэтикасындағы «көңіл» сөзінің лексика-семантикалық өрісі және құрылымдық моделі // Тілтаным. – 2015. – №4. – Б. 111–120.
22. Бекжан О. Түркі күлбіздік жазба ескерткіштері тілінің семиотика-семантикалық негіздері. – Алматы: Қазығұрт, 2015. – 367 б.
23. Сабыр М.Б., Исина Ж.А. Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты (XIV ғ.). – Орал: Ағартушы, 2014. – 188 б.
24. Tatcı M. Yûnus Emre Dîvânı. – Ankara: Kütüphaneler ve Yayınlar Genel Müdürlüğü, 2021. – 436 s.
25. Utebekov S. Divân-ı Hikmet'in Dil İncelemesi - Kökşetav Nüshası - (Metin - Gramer - Dizin). – Çanakkale: Paradigma Yayınları, 2022. – 513 s.
26. Tulum M.M. Dîvân-ı Hikmet: Hikmetler Mecmuası – Mısır Nüshası 1650. – İstanbul: Ketebe Yayınevi, 2019. – 560 s.
27. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 664 б.
28. Жармұхамедұлы М., Шафиғи М., Дәуітұлы С. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет». – Алматы: Жалын, 1998. – 66 б.
29. Azmun Y. Hoca Ahmed Yesevî Divan-ı Hikmet. – İstanbul: Yazır Matbaası, 1994. – 326 s.
30. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Жазушы, 1962. – 106 б.

REFERENCES

1. Akar A. Türk Dilinin Tarihi [History of Turkish Language]. – İstanbul: Ötüken Yayınları, 2005. – 336 s. [in Turkish]
2. Nurgatina A.R. Abstraktnye imena suscestvitelnye v tatarskom iazyke [Abstract nouns in the Tatar language]: avtoref. ... kand. fil. nauk. – Kazan, 2012. – 32 s. [in Russian]
3. Utebekov S. Divân-ı Hikmet'in Kökşetav Nüshasında Anlam Alanları Açısından Türkçe Kökenli İsimler [Names of Turkish Origin in Terms of Meaning Fields in the Kökşetav Copy of «Divân-ı Hikmet»] // Iasui universitetinin habarshysy. – 2022. – №2(124). – B. 58–78. [in Turkish]
4. Eren H. Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü [Etymological Dictionary of the Turkish Language]. – Ankara: Bizim Büro Basım Evi, 1999. – 512 s. [in Turkish]
5. Tekin T. Orhon Yazıtları [Orkhon Inscriptions]. – İstanbul: Simurg Yayınları, 2010. – 136 s. [in Turkish]
6. Aidarov G. Orhon-Enisei jane kone uygyr jazba eskertkishterinin tili [Orkhon-Yenisei and the language of ancient Uyghur written monuments]. – Almaty: Rauan, 1995. – 160 b. [in Kazakh]
7. Caferoğlu A. Eski Uygyr Türkçesi Sözlüğü [Old Uyghur Turkish Dictionary]. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2011. – 320 s. [in Turkish]

8. Atalay B. Divanü Lûgat-it Türk Dizini [Divanü LûGat-it Türk Directory]. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1986. – 887 s. [in Turkish]
9. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. Kâşgarlı Mahmud. Dîvânü Lugâti't-Türk [Kashgarli Mahmud. Divanu Lugati't Turk]. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2004. – 995 s. [in Turkish]
10. Gülensoy T. Türkiye Türkçesindeki Türkçe Sözlüklerin Köken Bilgisi Sözlüğü [Dictionary of Etymology of Turkish Dictionaries in Turkey Turkish]. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – 1204 s. [in Turkish]
11. Semiz K., Utebekov S. Dîvân-i Hikmet'te Duygu Bildiren Deyimler ve Çağdaş Türk Lehçelerine Yansımaları [Idioms Expressing Emotions in Dîvân-i Hikmet and Their Reflections on Contemporary Turkish Dialects] // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. – 2024. – №109. – S. 327–354. [in Turkish]
12. Qazaq adebi tilinin sozdigi. VIII tom [Dictionary of the Kazakh literary language. VIII vol]. – Almaty: A. Baitursynov atyndagy til bilimi instituty, 2011. – 742 b. [in Kazakh]
13. Türkçe Sözlük [Turkish Dictionary]. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2005. – 2244 s. [in Turkish]
14. Dinî Terimler Sözlüğü [Dictionary of Religious Terms]. – Ankara: T.C. Milli Eğitim Bakanlığı, 2012. – 424 s. [in Turkish]
15. Zakirova A.S. Qazaq anyz-angimeler tilin oqytudyn lingvoadeni jane kognitivti aspektleri [Linguistic and cognitive aspects of teaching the language of Kazakh legends]: fil. dok. ... dis. – Almaty: Qorqyt Ata atyndagy Qyzyorda universitesi, 2024. – 192 b. [in Kazakh]
16. Kurnaz C. Gönül [Heart] // İslâm Ansiklopedisi. C. 14. – İstanbul: TDV. – S. 150–152. [in Turkish]
17. Quryshjanuly A. Eski turki jazba eskertkishti [Old Turkish written monuments]. – Almaty: Qaynar, 2001. – 472 b. [in Kazakh]
18. Arat R.R. Kutadgu Bilig [Kutadgu Bilig]. C. I. Metin. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1999. – 655 s. [in Turkish]
19. Eraslan K. Divan-ı Hikmet'ten Seçmeler [Selections from Divan-ı Hikmet]. – Ankara: Kültür Bakanlığı, 1991. – 524 s. [in Turkish]
20. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. V vol. – Almaty: A. Baytursynov atyndagy til bilimi instituty, 2011. – 742 b. [in Kazakh]
21. Maralbek E. Abai poetikasyndagy “konil” sozinin leksika-semantikalyq jane qurylymdyq orisi jane modeli [Lexical-semantic field and structural model of the word “mind” in Abai's poetics] // Тілтаным. – 2015. – №4. – B. 111–120. [in Kazakh]
22. Bekjan O. Turki kulbizik jazba eskertkishti tilinin semiotika-semantikalyq negizderi [Semiotics-semantic foundations of the language of Turkic Kulbizik written monuments]. – Almaty: Qazygurt, 2015. – 367 b. [in Kazakh]
23. Sabyr M.B., Isina J.A. Orta gasyr jazba eskertkishti frazeologiyalyq jane parmiologiyalyq etnomadeni sipaty (XIV g.) [Ethnocultural character of the phraseological and paremiological fund of written monuments of the Middle Ages (XIV century)]. – Oral: Agartushy, 2014. – 188 b. [in Kazakh]
24. Tatcy M. Yunus Emre Divâny [Yunus Emre Divan]. – Ankara: Kütüphaneler ve Yayımlar Genel Müdürlüğü, 2021. – 436 p. [in Turkish]
25. Utebekov S. Divân-ı Hikmet'in Dil İncelemesi - Kökşetav Nüshası - (Metin - Gramer - Dizin) [Language Analysis of Divân-ı Hikmet - Kökşetav Copy - (Text - Grammar - Index)]. – Chanakkale: Paradigma Yayınları, 2022. – 513 s. [in Turkish]
26. Tulum M.M. Dîvân-ı Hikmet: Hikmetler Mecmuası – Mısır Nüshası 1650 [Dîvân-ı Hikmet: Journal of Wisdom – Egyptian Copy 1650]. – İstanbul: Ketebe Yayınevi, 2019. – 560 s. [in Turkish]
27. Syzdyqova R. Yasawi «Hikmetterinin» tili. Kop tomdyq shygarmalar jinagy [The language of Yasawi “Wisdom”. Multi-volume collection of works]. – Almaty: El-shejire, 2014. – 664 b. [in Kazakh]
28. Carmuhameduly M., Şafigi M., Dävituly S. Qoja Ahmet Yasavi “Diuni Hikmet” [Khoja Ahmet Yasawi “Hikmet collection”]. – Almaty: Jalyn, 1998. – 66 b. [in Kazakh]
29. Azmun Y. Hoca Ahmed Yesevî Divan-ı Hikmet [Hoca Ahmed Yesevi Divan-ı Hikmet]. – İstanbul: Yazır Matbaası, 1994. – 326 s. [in Turkish]
30. Kenesbaev I., Musabaev G. Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. – Almaty: Jazuvshy, 1962. – 106 b. [in Kazakh]